

ӘДІСКЕР – БАЛАБАҚША ЖҮРЕГІ

БОПЫЛОВА САЛИМА ЭРМЕКБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның

Әдіскері. Педагог модератор

«Мен мектепке дейінгі мекеме әдіскерімін»
Өз сөзімді бастай келе жаңашыл әдіскер қандай болу керек?- деген сұраққа жауап бергім келеді.

Жаңашыл әдіскер

- Әдіскер – технолог
- әдіскер – басқарушы
- әдіскер – педагог
- әдіскер – зерттеуші

Бірінші орында балаға жан тәнімен жылуын беру, өз мамандығын сүйетін жан болу керек. Менің өмірдегі бақытым – жүрек қалауым балалармен жұмыс жасау, балалардың қуанышымен күлкісінен нәр алу.

Ғұлама ұстаз Әл - Фараби айтқандай «Білім берме, тәрбие бер» - деген екен «Тәрбие – өмірдің өзекті мәселесі» екенін есімізге сала отырып, біз өз - өзімізді ізгілікке, имандылыққа, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелесең ғана, баланы дұрыс баулығаның!

Сонда ғана балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне жауапты жандармыз.

Балабақшаның әрбір күнін қызықты да тартымды, мәнді де мағыналы өткізуді жоспарлаған тәрбиешінің мақсаты – бала тағдырына жауапты екенін естен шығармай. Сол себептен өз ісімді балабақшамыздағы тәрбиешілердің заман талабына сай білімдерін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасауына бағыт бағдар беріп қолымнан келгенше көмектесуге тырысамын.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыстардың басты бағыты оқу тәрбие процесін жүйелі жоспарлау, жаңа технологияларды дамыта отырып балаларды дамытудың тиімді жолдарын қарастыру мақсатында балабақша педагогтарын жана технологияларды меңгерту курстарына қатысып білімдерін жетілдіріп отыруда. Біздің балабақшамызда мамандардың өз шеберлігін арттыру мақсатында төмендегідей формада жоспарға сәйкес жұмыстары жүргізіледі.

Біріншіден педагогтарымызды міндетті түрде біліктілікті арттыру курстарына жіберіп, білімдерін жетілдіру.

Екіншіден педагогтарды көптеген Республикалық, Қалалық семинарларға жіберіп тәжірибе алмасу жұмыстары.

Үшіншіден балабақшамызда ата - аналармен ынтымақтаста жұмыс жүргізу мақсатында «ашық есік» күндері, сонымен қатар «Жігіт сұлтаны», «Қош келдің, әз Наурыз!» «Әжелер сайысы», « Аналар сайысы», спорттық «Толағай сайысы» атты байқаулар, конкурстар, ертеңгіліктер дәстүрімізге айналдырып, балаларды қуанышқа бөлеу.

Төртіншіден инновациялық ізденіс, түрлі тақырыптарда тәжірибе алмасу мақсатында семинар кеңестер өткізіп отыру.

Жас мамандарға аға тәрбиешілер бекітіліп, білікті педагогтармен бірлесе отырып жас мамандармен де жұмыстар жүргізу жүйелі жолға қойылған.

Әдіскердің яғни менің ұстанымын өзімнің айналамдағы тәрбиешілеріме кеңес беруге, барынша жан жақты ізденіп ақпараттар алып, балабақша тәжірибесінде кадрларымның қолдану жолдарын іздестіріп ұсынамын.

Менің әдістемелік қызметімнің жетістігі өз педагогтарымның өзін - өзін тануға ықпал жасау. Әрбір педагог маман шеберлігін, шығармашылығын, талантын жаңғыртып, өз ісінің шебері атанса мен үшін үлкен мәртебе. Балабақша тәрбиешілері барлық балабақшалар секілді келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне барынша қызмет етуде. Ашылғанына бес жыл толады.

Аз уақыт ішінде көптеген жетістікке жетіп, әдістемелік кітаптарды жаңарттық, әлі де талай тәжірибе жинап еңбектенеміз. Сөзімді қорыта айтқанда балабақша кішкентай бүлдіршіндеріміздің екінші үйі.

Балалар еліміздің болашағы қоғамымыздың өрлеп дамуы өсіп келе жатқан жеткіншектердің ой - өрісіне рухани адамгершілік тәрбие бере білуімізге байланысты. Сол келешек өсіп келе жатқан жас ұрпақтың иелерін жан - жақты ой - өрісін, өмірге бейімділігін, ақыл парасаты мол, халқын, салт - дәстүрін сүйетін бүлдіршін бала тәрбиелесек нұр үстіне нұр болады.

Сиқырлы бояулар әлемі

ОРУНБЕКОВА АМАНГУЛЬ ТАВИРБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі. Педагог модератор*

Тақырыбы: «Сиқырлы бояулар әлемі».

Мақсаты: Балабақшадағы тәрбиешілердің шеберлігін шындау бағытындағы шеберлік сыныптың пайдасы. Педагогтерге бояулар арқылы шығармашылық жұмыс жасау барысында дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді көрсету. Балалардың жұмыс жасау барысында тәрбиешінің ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдануға заманауи әдістерін қолдану және топтарға бөлу әдістерін қарастыру.

Жабдықтар: Түрлі -түсті бояулар, картиналар үлгілері бойынша ойындар мен жұмыстарға арналған суреттер.

Іс -шараның барысы:

-Қайырлы күн, құрметті педагогтар! Шебер-сыныпқа қош келдіңіздер. Менің ұстанымым! Біліп қана қойған аз, оны пайдалана білу қажет.

Қалап қана қойған аз, оны жасау қажет.

Кіріспе.

Баланың бүкіл өмірі-ойын арқылы өтеді. Сондықтан қазіргі таңда оқу іс-әрекет ойынсыз өтпейді. Тактильді сезім, қол ұсақ моторикасымен ойлау қабилеттері балалар ойынында дамиды. Кәзіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік кеңестігіне білім беру саласында соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізу талап етіп отыр. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып толып жатыр. Балаларға әртүрлі ойындар жасап ол ойындар балалардың түстерді ажыратуға қандай септігін тігізіп жатқандығын дәлелдейді. Қол мен ұстап, көзбен көрген әдістеменің баланың зейінін аша түсіндігін түсіндіреді, және балалардың тілін дамытады, қызықтырып үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз.

Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады.

1. Пішіндер арқылы топқа бөлу және сурет салу.

2. Түрлі-түсті бояулар арқылы сурет салу.



3. Ас тұзы мен жыл мезгілдерін салу.



4. Түрлі –түсті сұйықтықтармен аңдардың бейнесін шығару.



Қорытынды.

Шебер сыныптан алған әсері туралы сұрақ жауап.

Ұжымның ұйытқысы, біріктіретін ерекше күш-еңбегімнің жемісін, нәтижесін көру деп білемін. Ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев айтқандай «Мен дәрігерден гөрі тәрбиешілердің

көп болғанын қалаймын, себебі дәрігер дененді сауықтырса, тәрбиеші өне бойыңды сауықтырады» деген екен. Олай болса, барша әріптестеріме ұлт болашағы – жас өркендерді тәрбиелеу еншімізге тиіп, ұлтымызға қызмет ету сіз бен біз үшін Жаратқанның берген сыйы.

Адасқан аңдар

ДЖАЙМАНОВА СВЕТЛАНА САБЫРБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі. Педагог модератор

Ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Тақырыбы: «Адасқан аңдар»

Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі затты биіктігі бойынша салыстыру және жұмыс нәтижелерін жоғары төмен, биіктіктері бірдей сөздерін қолданып белгілеуін үйретуді жалғастыру.

Қызмет сатысы	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Кіріспе	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады. Шаттық шеңбері: Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық. Күннен қуат алайық, Күннен алған жылуды, Жүрегімізге салайық. Жүректегі жылуды, Бір-бірімізге сыйлайық.	-Балалар қимыл қозғалыспен орындайды.
Сөйлеуді дамыту	-Тәрбиеші:Балалар,бізге қонақтар келген секілді. (Топқа аю,түлкі,қасқыр кіреді) Бұл аңдарды білесіңдерме?	Ия
Қоршаған ортамен танысу	-Аю:Балалар біз үйімізден адасып кеттік.Жолда сұрастырып үйіміздің оң жақта екенін білдік.Бірақ біз оң-солымызды ажырата алмаймыз.Бізге көмектесе аласыңдарма? Тәрбиеші:Аңдарға көмектесемізбе балалар? Олай болса балалар,біз мына тапсырмаларды орындау арқылы аңдарға көмектесейік.	-Ия
	1-тапсырма: Тақтадағы үйдің үстіне қоянды, оң жағына кірпіні, сол жағына қонжықты қою керек.	

Математика негіздері	2- тапсырма: Партаға биіктіктері әртүрлі емен ағашының суреттерін қойып, соның ішінде биіктігі бірдей ағаштарды параққа жапсыруға тапсырма беру. 3-тапсырма: «Жоғарыда-төменде» Ойынның мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. Ойынның мазмұны: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді. -Түлкі:Балалар сендерге рахмет.Енді біз оң-сол жағымызды білетін болдық. -Тәрбиеші:Балалар аңдармен қоштасайық!	Тапсырмаларды орындайды. Ойынға қызығушылық танытады. Қоштасады
Математика негіздері	Логикалық есептер шығару. Бес алманың үшеуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады.	Есепті шығарады.
	Дидактикалық ойын: «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу) Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.	Ойынға қызығушылық танытады.
Көркем әдебиет	Саусақпен санап үйренейік Бес кәмпитім көп еді, Бір кәмпитім атаға, Бір кәмпитім әжеге, Бір кәмпитім анама, Бір кәмпитім әкеме, Өзіме де жетеме.	Саусақпен санайды.

Қоршаған ортамен танысу	Тәулік бөлігіне арналған «Бұл қашан болады» дидактикалық ойыны. Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. -Балалар, сендер тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар.Аңдарға көмектесіп үйлерін табуға көмектестіңдер,ойындар ойнадыңдар.Жарайсыңдар балалар! Ашық іс-әрекетін қорытып, балаларды мадақтау.	Ойын ойнайды. Балалар қоштасады
--------------------------------	--	---

БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

КЕНЕСБАЕВА АЙЫМГУЛЬ БУЗАУБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 11 Теңге" бөбекжайы МКҚК -ның

педагог-психологы. Педагог модератор

«Бала-отбасы қуанышы. Бала дүниеге келген сәттен бастап ата - ана алдында қиын, қыр - сыры мол үлкен жауапкершілік тұрады. Ол жауапкершілік - бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз - ата-ана. Бала үшін ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер - жанұяда тәрбие балаға сөзбен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата - ананың беделін түсіреді. Ата-ана - бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешесінің, үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата - анасы маскүнемдікке салынған ортада бала басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Сондықтан баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау - ата - ананың басты парызы. Бала - әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді» дегеніндей, құнды қасиеттерге не рухани адамды қалыптастыру - шынында да оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуында ата-ананың ролі бар. [4]

Отбасы жылуын көрмеген, ата-ананың қамқор махаббатына бөленбеген бала жаны қатыгезденіп, қылмысты жолға қарай бейімделетінін түрлі жамандықтан қорғансыз болатыны белгілі. Жасыратыны жоқ баласының білім алатын мектебіне жыл бойына бір рет те бармайтын, тіпті ат ізін салмайтын ата-аналар жиі кездеседі. Баланың тәрбиесіне отбасы мен мұғалімдер жауапты екенін білсе де жауапсыз қалдырады. Мектеп оқушыларының уақытының көбі отбасында өтеді, рухани адамгершілік тәрбиесі өте күрделі жан-жақты процесс.

Отбасында оқушы әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керектігін, өзін-өзі қалай ұстайтыны іс жүзінде жағымды, жағымсыз мінез құлықтың өнегелі формаларын ата-аналардың және басқа отбасы мүшелерінің еңбекке, адамға қатынасын, ауылдың жағдайын білуге тырысады. Міне, сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап үнемі бақылап, зерттеу жағдайында оның мұқтажын, тілегін, талабын еске алуы қажет. Отбасы - оқушы үшін өмір мектебі. Онда оның мейірбандық, шындық, адалдық, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік тағы басқа адамгершілік қасиеттері дамиды және қалыптасады. Отбасы тәрбиесінде кездесетін кемшіліктер: әке мен шеше өз мінез-құлықтарындағы кемшіліктермен күреспейді, бірақ балалардан адамгершілікті, әдептілікті талап етеді. Оларға дөрекі сөйлейді, өтірігін айтып, бетіне басады, өзі өтірік сөйлейді, оны бала сезіп тұрса да, қорыққанынан айтпайды. Ата-аналар балалардың ішкі жан дүниесіне жеткілікті көңіл аудармайды, жылы жүзбен қарап, қамқорлық жасамайды, баланың қайғы-қуанышын бөліспейді. Оқушының өсіп-жетілуіне қарай отбасы тәрбиесі де күрделеніп, үздіксіз жалғасып отырады. Оқушының басты ұстазы ата-ана, оқушының жеке бас мінез-құлқын қалыптастыру, оның бойына рухани-адамгершілік құндылықтарын сіңіру, ата-ананың тікелей әсерімен жүзеге асырылады. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен, бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ. [2]

Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланы бірге тәрбиелейді.

Ана - бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Әрине, бала

тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек. [4]

Бала тәрбиесі - ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз

алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Отбасынадағы тәрбиенің ең дұрысы - баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу - бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады.

Қазіргі кезде ата-анасы қасында болса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдікке салынып, нашақорлыққа бой алдырып, қыздарымыз шылым шегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы. [1]

Ата-аналар бала тәрбиесінде шыдамдылықты талап ететінін мойындайды. Алайда оған арнайы білім қажеттігін жұрттың бәрі біле бермейді. Бала әрдайым ананың аялы алақанын қажетсініп тұралы. Қиындықтар туған сәтте ата-анасының тарапынан қолдау тауып, үлкен сенім артылған бала ісі оңға басады. Әрине, әр ана баласына деген сезімін түрліше жеткізеді. Қандай жағдай болмасын, баланың өзіне деген сенімін арттырып, қолдап отыру керек. Бала бір істен қателескен жағдайда, оған шыдамдылық көрсеткен жөн. Мұндай сәтте өзге отбасылармен салыстыруға әуестенбеген жөн. Рас, кейде өзге біреудің балалары бойындағы қабілет айрықша сияқты көрінеді. Бірақ ол басқа бала. Сондықтан әр баланың өзінің жеке басының ерекшелігін, ешкімге ұқсамайтын кейбір қасиеттерін сезіну керек. Кейде бала сәтсіздікке ұрынады. Ата-ана қатты уайымдап, баланың ешнәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Осыдан баланың сөзіне деген сенімі күрт жойылады, қолын қусырып, кездескен қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Мұндай жағдайда ата-ана баласының жай ғана талпынысының өзін қолдап түсіне білуі керек. Ең

бастысы, бала біздің оны қалай бағалайтынымызды және одан не күтетінімізді сезіну мен түсінуі тиіс. Міне, осындай көңіл аударар бермейтін қарапайым нәрсенің өзі немесе ойланбай айтылған ұрыс сөзі де баланың жанын ауыртуы мүмкін, өмір сүру ағынын өзгертуі де ғажап емес.[3]

Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешекке сенімділігі - баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік парызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл жас ұрпақтың мәдениеттілігінің, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен адамгершіліктің белгісі.

Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да кешеден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы бала тәрбиесі - берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке

тәрбиелеуде отбасы маңызды рөл атқарады. Бала ата-ана өмірінің жалғасы, бала тәрбиесі қызығы мен қиындық қатар жүретін күрделі процесс. Отбасы-жылулықтың мекені. «Отбасы» атауына үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін баламыздың жан дүниесіне үңіліп, назар аударайық!

Қорыта айтқанда, жан-жақты дамыған баланы адамгершілік рухани жағынан тәрбиелеу отбасынан басталатыны сөзсіз.

№ P00039 10.01.2024 ж

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

КОЙЧИБАЕВА ЗЕРХАН ДЖАМБЫЛҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

*"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі.*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр.

Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі.

Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша тандау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын

белгілеу, үлгі бойынша қою .

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді

құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: «бір» және «көп»; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп — бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз. Пішінді анықтау: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Кеңістіктің бағыттарын танып білу: алға, артқа, оңға, солға. Уақытты бағдарлау: таңертең, күн, кеш, түн.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ

БЛАХАЕВА ЖАДЫРА ОРАЗАЛИЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі.*

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірі – ойын технологиясының қолдану арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмысының арқауы болып отыр. Ойын технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын- оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Н.Крупская . Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану – өмір талабы. Сондықтан да оқыту үрдісінде қойылатын қазіргі талаптар тәрбиешіден үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді. Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметін оқытуда тәрбиеші мен балалар арасындағы жаңа қарым-қатынас қалыптастырып, балалардың берілген тапсырмаларды талдауына, салыстыруына, өз беттерінше әрекет етулеріне, яғни ой еркіндігіне зор маңыз береді. Сөйтіп, балалардың зейін қойып ойлауы мен тапқырлығына мүмкіншілік туғызып, ойларын одан әрі дамытуларына жол ашады. Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеуші ғалым Ф. Янушкевич «Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз тәжірибесін жаңғыртуға емес, баланың пайдасына, қажеттілігіне арналуы қажет, сонда ғана сапалы нәтиже болады»-деген.

Менің де тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау ,сөйлеу қабілеттерін арттыру. Сол себепті ұйымдастырылған оқу қызметін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаймын. Соңғы кездері өз тәжірибемде ойын технологиясының элементтерін қолданып келемін. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясының элементтері балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға, ойнай отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауып отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Ойын – бұл баланың өзінше еңбегі. Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, бүлдіршін қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынастың байланысын түсінеді. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған, белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын ұстамдылық тәртіптің көрінісі болып табылады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады .

Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» - десе, ғалым Е.А.Покровский өзінің балалардың ойындарына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді. Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, мен – оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отырамын. Баланың ойынында да белгілі бір дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын арқылы бала тілін дамыту Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі.

Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды.

Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті рольді ойындар - мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті - рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Драматизиялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті - рольді ойынға ұқсас. Драматизия ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рольді: ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу - қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде кетрлер, стадиондар, театрлар, цирктер т. б. ірі құрылыстар салады. Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тең оқыту формасы болып табылады. Ойын ой мен қимылды ұштастыру негізінде жүргізу керек, Мысалы: «Сықырлы қақпаның сырын ашайық» деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті қақпақтың астында не бар екенін білу.

Дидактикалық ойынның нәтижесіне қандай жолмен болса да жету емес, балалардың білімді игеру, ақыл - ой қызметін дамыту да, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерін көрсетеміз. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережесін ой елегінен өткізе білу т.б. Олар балалардың



түйсік және қабылдау қабілеттерін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруге көмектеседі Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке - психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимылды ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым - қатынасын, баланың мінез - құлқын анықтайды.

Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» т.б. ойындар жатады. Баланың бірінші даму кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, өйткені бала жәй дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді.

Ойын — балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рольдік ойындарда барлық балаларға бірдей роль тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал біз тек бағыттаушы боламыз. Рөлдік ойындардың негізгі талаптары Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруы қажет. Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рольді өзі тандап алған жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады.

Рольдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс. Бала өзін рольде неғұрлым

еркін сезінетін болса, ол соғұрлым қызыға ойнайтын болады.

Осындай шарттар бойынша дайындалған материалдар қолданылса ойын соғұрлым жоғары тиімділік береді. Бастапқы кезде балалардың ынта-жігерін бақылап аламын. Сөйтіп, бақылаушы бола бастаймын.

Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай жағдайда баланың қызығушылығы төмендейді. Қандайда болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген жөн.

Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайтынды. Тапсырмаларды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір –біріне әділ баға беруге үйренеді. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі . Мен ойын арқылы білімді меңгертіп және оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастырамын . Балабақша жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін өткіземін :

- 1.Ойыншықпен ойналатын ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар.
3. Сөздік ойындар .

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар , сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін , есте сақтауын дамытуға көмектесемін .

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құралады : Дидактикалық тапсырмалар, мазмұн , ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент – дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Қорыта айтқанда , ойын-баланың жан серігі , ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ , оп-оңай көрінуі мүмкін . Ал, іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді .Мектепке дейінгі мекемелелердің оқытудағы негізгі міндеті : сәбилер тобынан бастап балаларға білім, дағды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып балаларды ойлау жұмысына дайындау. Ойын араласқан оқу қызметі тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

Инновация, білім сапасын арттыруда жаңа технологиялар

БОПЫЛОВА ХАНЫМАЙ НУРГАЛЫЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі.*

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент Жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды. Егер біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі.

Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты—оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Бала тәрбиесі - жауапты іс

ДЖЕКЕНОВА МАРЖАН МИРЗАХАНОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі.*

Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді.

«Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, – деп жазады А.С.Макаренко – Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар – осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар». Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу.

Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады.

Отбасы – бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;
4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Тәрбие жұмысын жүргізу – қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ.

Отбасындағы тәрбиенің ең дұрысы – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады.

Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі – ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек.

Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата-анасын қуантып отырады.

Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі, үлгілі, ақылды, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата-ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші — көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып — соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күні біз — әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр — жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй — базар, баласыз үй —мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт.

Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс-әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады.

Бүгінгі бала мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн.

Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада

КОНОВА АЙДЖАН НУРБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі*

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі–әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық.

Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші–ата-анасынан, екіншісі–ұстазынан, үшіншісі–құрбысынан»,–деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды.

Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Біздің елімізде бала ерекше халық. Ерекше болатыны сәби алғаш дүниеге келгеннен бастап, айналасын ерекше шаттыққа, ерекше сезімге бөлейді. Күнделікті өсіп келе жатқан баланың әр қылығы ата-ана үшін қуаныш, бақыт.

Ата-аналар А.С.Макаренконың «Балаларды тәрбиелеу–біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу–бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу–бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз»– деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс. Сондықтан әр отбасында ата-ана өз баласының инабатты, тәрбиелі де әдепті, адамгершілігі зор азамат болып өсуі үшін, ұлттық тәрбие бере білуі керек.

Әр ата-ана баласының денсаулығы мықты, ержүрек, қайсар, батыл болып өсуіне жауапты. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек»,–дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін ат салысуымыз қажет.

Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілер мен ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы–отбасында, екінші– балабақшада болғандықтан, ата-ана мен балабақша, яғни тәрбиешілер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім–адамзаттың хас жауы»,– деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бала кезеңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Сондықтан да, халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балабақшадағы тәрбие жұмысын кеңінен ұйымдастыра білуіміз керек. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап, үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Топ бөлмелеріне Ұлттық бұрыш ұйымдастырдық. Бала күнделікті ұлттық бұрыштағы заттарды көре отырып, өз ұлтының ұлттық жиһаздарына көзі қанық болады. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктерде де ұлттық салт дәстүр насихатталады. Ұлттық тәрбиенің өзі күнделікті барлық оқу іс-әрекетінде баланың бойына сіңе бастайды. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Баланың жас ерекшелігіне сай ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланамыз. Түрлі тек қазақ ертегілері, жаңылтпаштар, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, жұмбақтардың мағынасы да ұлттық тәрбие беруге бағытталуы тиіс деп міндеттелген болатын. Дене тәрбиесі оқу іс-әрекетінде де түрлі ұлттық ойындар ойнатамыз. Ән оқу іс-әрекетінде ұлттық аспаптармен таныстырылады.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілердің ата-аналармен жүйелі түрде қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Ата-аналармен байланыс жоспарында ұлттық тәрбие туралы іс-шаралар жоспарлаймыз.

№ P00055 10.01.2024 ж

БІЗ ШЫНЫҚҚАН БАЛАМЫЗ

ТУРЕХАНОВА АЛТЫНАЙ ТУЛЕГЕНОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның

Дене тәрбиесі пәнінің жетекшісі

Мақсаты: Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету.

Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ қол, кеуде бұлшық еттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту.

Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: доптар, балықтар, қармақтар, қолшатырлар, массаж құралдары.

Мотивациялық

Бір қатар саппен спорт залға кіру.

Өз орындарына тұру.

Сәлеметсіздер ме.

Балалардың көңіл - күйін сұрау

Өзен бойына келіп балық туралы әңгіме айту.

Іздену ұйымдастырушы

Жаттығу: «Көңілді доп»

Доп туралы тақпақ айтылады.

Добым, добым, домалап

Тоқтамайсың домалап

Тентек болып кеттің деп

Тұрмын сені тепкім кеп – деп допты алып қолымызды алдыға созып

саусақтарымызбен допты айналдырамыз. Қолды жоғары көтеріп саусақтармен

айналдырамыз. Төсенішке отырып аяқты созып отырамыз допты қолға алып

аяқтың ұшына дейін саусақпен айналдыра апарып, кейін қарай б. қ – қа келу.

Жаттығу: «Қолшатыр»

Жетекші жұмбақ жасырамын.

Күн ашықта құр тұрамын,

Бұлтты күні қыдырамын.

Қолшатырды аламыз да ашқанда тұрып, қолшатырды жапқан кезде отырамыз.

Қолшатырды ашып жерге қоя қолшатырды айнала жүгіріп жүру және бағытты ауыстырып тұрамыз. Б. қ – қа қайта ораламыз.

Жаттығу: «Қолға, денеге арналған массаж құралдармен»

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Бесті беске қосқанда,

Болады екен он саусақ – деп қолға массаж доптарды алып, алақанға, білектерімізге жүгіртіп жаттығу жасаймыз. Содан кейін қолдан жасалған массаж құралдарын алып арқаны уқалап жаттығу жасайды. Б. қ – қа келу.

Жаттығу: «Балық аулау»

Балық жүзді таза суда,

Бір керіліп, бір жиырылуда.

Жүзіп, жүзіп шаршағанда,

Тығылады тасты құмда - деп, тақпақ айтып төсенішке отырып жетекшінің жаттығуды көрсету арқылы орындалады. Аяғымызды қосып алдыға соза отырамыз да қармақты алып судан балық аулау қимылын жасаймыз.

Рефлекскі коррекциялаушы

Тыныс алу жаттығуы:

«Флешмоб» Буги - Буги

Нені біледі: Жаттығуларды орындау.

Қандай түсініктерді игереді: шапшаңдық, ептілік, ұйымшылдық

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Жетекшінің нұсқауы мен негізгі іс - әрекетті меңгереді.

Балабақша-тәрбиемен білімнің алғашқы баспалдағы

САТАЕВА ДАМЕЛИ ТАТИБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі*

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді. Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп- ол балабақша

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша тәрбиешілері. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзіміздің басты мақсаттарымыздың бірі екенін қуана айта аламыз.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» – деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата – анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс – тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешіге байланысты.

Тәрбиеші – киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін – ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту – ол оңай шаруа емес. Тәрбиеші – суретші, әртіс, әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын бағамдар психолог.

Осы бүлдіршіндеріміз әр мерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сызушы балаларды байқауға болады.

Кішкентай балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір-біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтып отырады.. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті ермексаз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді..

Балабақша-келешек, ел басқарар, жер суына иелік етер, ел халқын гүлдендірер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шындап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя.

Балабақшамыздың жақсы жетістіктерге жетуі, әрбір тәрбиешінің өз еңбегінің нәтижесімен, жаңалығымен біліктілігі мен білімдерінің арқасы деп білеміз.

Балабақша топтарында өз жұмысын жақсы білетін, бірінші, екінші санатты мамандар жұмыс жасайды. Балабақша ұжымының әрбір қызметкерлерінің міндеті- күнделікті тәрбиеленуші бүлдіршіндерге бақыт сыйлау.

«Үйренер нәрсең-білім мен мейірімділік»-деп, Жүсіп

Баласағұн айтқандай, балабақша ұжымы әрбір күнін ізденіспен өткізеді.

Осындай маман иелерінің кәсіби шеберлігін арттыруда олардың маңдай тері еңбектерінің жемісін көруге көмегін тигізетін әдіскер қауымының атқарар еңбегі қашанда ауқымды, маңызды, қажетті және жауапты іс болып қала бермек. Педагогтарымыз үнемі, шығармашылық ізденіс жолында..

Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 2 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақша әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асып, балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп қарым-қатынасқа икемдейді, Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз.

Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей.

Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де тағысын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет. Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешіге байланысты. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жағымен, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны – балабақша.

Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. Олай болса заман талабынан қалмай, заманауи болашақ балаларды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік.

Мектепке дейінгі білім берудің шарты мен ресурсы

КАКАБАЕВА ГҮЛЬПАРШЫН БЕГЕЙБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның

тәрбиешісі

Педагогтің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан – жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған мектепке дейінгі білім беру мен жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал тәрбиешілердің негізгі кәсіби құзыреттілігін дамытуды талап етеді.

Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші педагог пен көшбасшы тәрбиеші жаңа формация педагогі ретінде орталық тұлға болып табылады. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталсақ. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, "қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік", ал екіншісі, " қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс – әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері". Методикалық терминдер сөздігінде "Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі", – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Тәрбиеші – ақпараттанушы емес, баланың жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл тәрбиешіден жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, балаларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Тәрбиешінің кәсіби құзырлылығы, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Жоғары құзыреттілік өзін «менгеруді» күтпейді. Педагогтің құзыреттілігі туралы әр кезеңде әртүрлі авторлар еңбектерінде түрлі пікірлер кездеседі. Соларға сүйене отырып, мұның өзі жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі, педагогикалық іс-әрекеттегі теориялық және практикалық дайындығы мен тәжірибесінің тоғысуы, сол сияқты педагогқа қажетті көптеген сапалардың болуы бұл өте күрделі сан-салалы мәселе деп тұжырымдауға болады.

Педагогтардың кәсіби құзырлылығы – олардың педагогикалық қызметті жүзеге асыруға деген теориялық және практикалық дайындығының бірлігі. (В.А.Сластенин)

Жаңа талаптарға бағына отырып, тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігінің дамуының негізгі жолдарын анықтауға болады:

1. әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтардың жұмысы
2. зерттеу, эксперименталды жұмыстар жүргізу
3. инновациялық жұмыстар: жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру
4. педагогикалық қолдау түрлерін үйрену
5. сайыстарға, мастер-класстар, форум және панорамалық сабақтарға белсенді түрде қатысу
6. педагогикалық тәжірибесін жинақтау
7. АКТ пайдалана білуі

Тәрбиешінің кәсіби құзыры, оның бастапқы тәжірибелі біліктілігі және шеберлігі, жас ерекшеліктеріне сәйкес адамның тұлғалық дамуына байланысты белсенді, үздіксіз үйренуінде қалыптасады. Жоғары құзырлы тәрбиешіден төмен құзырлы тәрбиешінің айырмашылығы, осы педагогикалық-психологиялық компоненттерді кәсіби шеберлігімен қолдана білуінде. Педагогикалық-психологиялық компоненттердің жоғары деңгейде қалыптасуы тәрбиешіге, балаларға алдын алынған білімдерді және жаңа білімді дифференциалды, әлеуметтік, аутопсихологиялық компоненттер ретінде ұғындырып, қалыптастыруда, яғни осы білімдер олардың қабілеттілігінің дамуында «кірпіш» болуына көмектеседі.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр педагог, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Ізденімпаз тәрбиешінің шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, баланың жүрегіне жол таба білуі.

Педагог атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр тәрбиешінің борышы. Ол өз кәсібін, өз мамандығын, барлық балаларын, жұмыс мекемесін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация тәрбиешісі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Жаңа формация тәрбиешісі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды[2].

Нарық жағдайындағы педагогке қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация тәрбиешісі — рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Сабақты түсіндіру барысында тәрбиеші тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде тәрбиеші қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді.

Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру — оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Білім сапасын арттыру барысында тәрбиешілерге мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық — дамытушылық функцияны атқарады.

Кәсіби құзыреттілік – әлеуметтік жұмыс маманының мінездемесі, мамандығының талаптарына деген оның сәйкестік дәрежесі

Кәсіби даярлық – кәсіби бағдарлық пен кәсіби білімі, біліктілігі мен машықтарының жүйесі және кәсіби бағдарлығының қалыптасуы, әлеуметтік жұмыстағы кәсіби жағдаяттар мен тапсырмалардың теориялық және практикалық шешімінің тәжірибесін меңгеру.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Балалардың танымдық көзқарасын байыту ақыл — ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру тәрбиешінің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Тәрбиеленуші балалар тәрбиеші қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ тәрбиеші — қазіргі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі тәрбиешілердің тәрбиеленушілерді оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз

бетінше іздей білу, тандай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

– әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

– тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті)[3].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана тәрбиеші құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту

КАЛДЫБАЕВА АЙНУР ИЗБАСАРОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі*

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілікетеді».

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. Мысалы,

«Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.

Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойынарқылы байқалады.

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойынарқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсетүседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Денекүшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан – жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады.

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы

КУРЛЕНБАЕВА ЖАНАТ АБЕНОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

*"№11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі.*

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету. Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі.

Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ

САХИМОВА АКМОНШАК

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі.*

Бүгінде жаһандану заманында жас ұрпаққа жақсы тәрбие мен білім беру үлкен мәселе болып отыр. Өзінің елінің халқын, өзінің елін, өз Отанын сүйетін нағыз ұлтжанды нағыз азамат тәрбиелеуде ең бірінші ата-ананың рөлі ерекше орын алады. Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын ізгілік, адамгершілік, үлкенді құрметтеу, ұяндық, пәктік сияқты халқымыздың асыл қасиеттері ерте заманнан бері атаның қанымен, ананың сүтімен бойымызға сіңіп келеді. Жаңадан туылған сәбидің миы тап-таза қағаз секілді тап-таза болады. Оған айналасындағы адамдар қалай әсер етсе, бала миы, санасы солай қалыптасатынын әрқашан жадымызда ұстауымыз қажет. Балаға айналасындағы өмір шындығы ауадай қажет. Ең алдымен өз ұлтымыздың әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, өнерімен тереңірек таныс болуы тиіс. Осындай талап тұрғысында әке мен шеше және баланың басқа да ересектерінің өзара жақсы қарым-қатынас, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек сүйгіштігі, ізденістері бәрі балаға өнеге. Осы орайда баланың ата-ананың өзара тату-тәтті сыйластығы, мейірбандық пен ыстық ықыласы, сөйлеген сөздері бәрі-бәрі балаға ерекше әсер етеді. Отбасындағы ұрыс-керіс, орынсыз жанжал, балағат сөздер баланы жақсы әдетке тәрбиелейді. Өйткені бала іштей тынып, не істерін білмейді. Өз ата-анасының оғаштау мінезі балалардың дөрекі, тілазар, қатыгез, өзімшіл болып өсуіне әсер етеді.

Жас ұрпағымыз, өзіміздің келешегіміз кішкентай ғана сәбидің нағыз азамат болуына ықпалды ортаның бірі жолдас-жорасы, достық қарым-қатынастары, мінез-құлықтарын білгені жөн. Олардың өзара қарым-қатынасына құрметпен қарауы керек. Ата-ананың себепсіз ренжіп, қабақ шытып, осы балаларды неге ертіп келесің, басқа достар табылмады ма? ... дегендей сөйлеуі дұрыс емес. Мұндай көзқарас баланың намысына тиеді, қатты мазалайды. Сонымен қатар бала өмір сүріп отырған өзінің үйінің ішіндегі әрбір заттың өз орнында тұруы да аса маңызды. Себебі үй ішіндегі заттар, бұйымдар шашылып жатса, ата-ана қарамаса баланың мінезі де алқын-жұлқын тартып, бойынан сабыр кетеді. Баланың сабаққа тыңғылықты әзірленуде тиісті жағдай жасау ата-ананың тікелей міндетті. Ықыласымен оқымайтын баладан нашар оқушы шығады.

Оқуға ынтасы төмен оқушылардың көбісі өзінің ата-анасының бақылауынан тыс қалған балалар. Себебі ата-ана жұмысты желеу етіп мектеппен еш байланыс жасамайды. Тіпті баласының сынып жетекшісінің кім екенін білмейтін ата-анада баршылық. Мұндай ата-аналардың балалары оқуға сүлесок қарайды, тәртібі нашар, жауапкершілікті сезінбейді. Үй тапсырмасын дұрыс орындамайды, жиі-жиі сабақ қалдырады. Әрине осындай бақылаусыз қалған бала сапалы білім, сапалы азамат, өнегелі тәрбие алмайтыны белгілі. Баланың тәрбиешісі, ол-қоғамның талабына сай белгілі бір топтағы оқу-тәрбие процесін ұйыдастырушы басты тұлға. Ол бүлдіршіндердің таным әрекетін ұйымдастырып, олардың әлеуметтену процесін қалыптастырады, болашақ әлеуметтік жағдайға бейімделу, олардың демалысына қатысты мәселелері, алғашқы ұжым болып қалыптасу дәрежесі, топтағы жағымды көңіл-күй жағдайын жүзеге асыру.

Баланың тәрбиешісінің міндеті сан алуан. Соның ішінде негізі міндетті қоғамның талабына сай азамат тәрбиелеу. Ол үшін, оның тұлғасын қалыптастыру: сапалы, белсенді, ізгіленген, іскер, отаншыл. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге үшін:

- ☐ Педагогикалық білім деңгейінің сапасы жоғары;
- ☐ Педагогтың шеберлігі;
- ☐ Балабақшаның тәрбиешілер ұжымы мен ата-аналар және жұртшылықты бала тәрбиесіне тарта білу қабілетін игеруі;
- ☐ Идеялық сенімі айқындалған;
- ☐ Тәрбие саласында теориялық және практикалық таныстығы жоғары;
- ☐ Төзімділігі, шыншылдығы.

А.С Макаренко ұстаздарға қажетті мұндай қасиеттерді өнер деп бағалаған. В.А Сухомлинскийдің тілшімен айтқанда: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін».

Себебі жанұя мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторларын бірігіп анықтайды және құрады. Сондықтан да педагогикалық әрекетте сынып жетекшісінің бала тәрбиесіндегі міндеттерінің көлемінің сан алуандығына байланысты ата-аналармен бірлескен жұмыстың маңызы ерекше. Соған қарамастан бүгінде мектептің ата-аналармен жұмысының кейбір дәстүрлі түрлері өзінің маңызын жасады: ата-аналар жиналысы, ата-аналардың ашық күні, ата-аналардың жұмыс орындарымен байланыс, баланың отбасында болу.т.б.

Сондықтан да ата-аналар баларды тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп қарауы тиіс. Оқу тәрбие процесінің сапасын және тиімділігін жақсарту үшін отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеулері тиіс.

Дұрыс тәрбие-балаға өмір бойы азық. Сол дұрыс тәрбиені ұйымдастыратын басты тұлға-мектептегі сынып жетекшісі.

Білім беру жүйесінде жаңа сипаттағы оқу орындарының пайда болуы, гимназия, лицей.т.б. Соның барысында кейбір классикалық тұрғыдағы педагогикалық әрекеті өзгеріске ұшырауында. Соған сәйкес сынып жетекшісі қызметінің мазмұны мен сипаты да өзгеруде:

- Пән мұғалімі,бір мезгілде сынып жетекшісінің қызметін атқарушы;
- тәрбиеші, аз мөлшерде оқу жүктемесі бар пән мұғалімі;
- тәрбиеші, тек тәрбие жұмысымен айналысатын мұғалім;

Осындай жіктеуге қарамастан, сынып жетекшілерінің, тәрбиешісінің қызметі, құқығы мен міндеттері өзгеріссіз қалуда. Себебі, мектептің педагогикалық қызметі оның жарғысы бойынша әрекет етеді, яғни сынып жетекшісінің тәрбие қызметі де осы құжатқа негізделген.

Дегенмен, баланы тәрбиелеу ісі оның әлеуметтік ортамен өзара тікелей белсенді әрекеті жағдайында жүзеге асады. Мұндай жағдайда бала тәрбиешісінің қызметі балалардың әлеуметтік өмірде өздерін-өздері тани білуіне, топ және балабақша ұжымында өз орындарын таба білуіне көмектесе отыра, олардың дамуына қолайлы жағдай туғызу.

Бүгінде қоғамды реформалау жағдайында балабақшада, балалар мен тәрбиешілерге қойылатын талаптар да жаңа сипатқа ие болуы керек. Дегенмен, бала тәрбиешісінің қызметінің маңыздылығы жойылған жоқ. Ол жаңа жағдайға сай өзара басты үш қызметті орындайды: Әр бағытта топтағы балалардың әрекетін ұйымдастыру, ондағы әрбір тұлғаның дамуына қолқорлық жасау, топта туындаған мәселелерді шешуде балаларға көмектеседі.

Сынып жетекшісі-тұлғаның жан-жақты қалыптасуына жан-жақты үлес қосатын адам. Әрбір тұлғаның ішкі жан дүниесінжіті сезіне отырып, іс-әрекетін бақылап түсіну арқылы қоғамда өз орныны таба білетін азаматты тәрбиелеу.

Негізінен сынып жетекшісі жан-жақты болу керек. Мәселен, мәдениетті, еңбекқор, балаларды жақсы көретін, оқушының жан дүниесін түсінетін, керек кезінде қасынан табылатын жан. Ұрпақ тәрбиесі-көпке ортақ болғандықтан, «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» демекші, ата-аналар мен сынып жетекшісілері арасында бірін-бірі түсінушілік, сыйластық және үнемі тығыз қарым-қатынас болу қажет.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты - балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе.

Адамға нағыз бақытты - тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні - өз ұрпағы.

Ата - ана - бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ.

Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешеге үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау - ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала - әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Өз

балаңызды ол басқаларға ұқсамайтындығы үшін аямаңыз.

Балаңызға махаббатыңыз бен зейінін сізді силаңыз, алайда жанұяның басқа да мүшелерін ұмытпаңыздар. Қандай жағдай болмасын өз балаңыз туралы жағымды түсінікте болыңыз. Балаңызды міндеттер мен мәселелерден алшақтатпаңыз. Барлық мәселелерді бірге шешіңіздер.

Әрекеттер мен мәселелерді шешуде бала дербестігін дамытыңыз. Өзіңіздің сыртқы келбетіңіз бен әрекет қылықтарыңызды қадағалаңыз. Бала сізді мақтан тұту керек. Балаңызбен көбірек сөйлесіңіз. Есіңізде болсын, теледидар да, радио да сіздің орныңызды баса алмайды. Балаңыздың құрдастарымен қарым-қатынасын шектемеңіз. Баласы бар отбасылармен араласыңыздар. Өз тәжірибелеріңізбен алмасыңыздар. Балаларыңыз өсіп, жеке өмір сүретін кез келетіні естеріңізде болсын. Оны болашақ өмірге дайындаңыздар, ол туралы әңгімелесіңіз. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік!

Балалардың тілін дамытудағы ұсақ моториканың маңызы

КАЗЕНОВА ТУРСЫН ТАЛИМБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК -ның

тәрбиешісі.

Қазіргі таңда ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек.

Ерте жастан қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу әрекеті пайда болады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Өкінішке орай көп ата-ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысының дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек деп ойлаймын.

Егер сіз 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз, сонымен қатар балаңыздың мектепке барғанда жазуда қиындық болмасын десеңіз ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастағаныңыз жөн. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Мысалы, баланың бас бармағын жаймен сипап отырып, оған былай деңіз: «Саусақ – бала сен қайда болдың?»

Содан соң бас бармақты балан үйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпан орманға бардым», ортан түйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпен бауырсақ пісірдім», деп осылайша жалғастырып басқа саусақтармен де «мына саусақпен ботқа жеп, мына саусақпен ән салдым» деп аяқтайсыз. Балаларға бұл жаттығу қатты ұнайды, уақытты да көп алмайды, ал пайдасы оның өте көп.

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру әдіс – тәсілдерді ұсынамын:

- саусақтық ойын тренингісі;



- қол мойнына массаж;
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері;
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар;
- саусақтық театр;
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.);
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б.;
- құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструктор;
- бастырмалардың түлері;
- графикалық моториканы дамыту;
- трафаретпен сурет салу;
- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша);

- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- Кіші заттармен ойнау
- пазл, мозаика қолдану

Қолдың саусақ қызметін анықтайтын бірыңғай ұғым әдебиетте кездеспейді. Десек те оларды жинақтасақ: қолға арналған гимнастика, саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары мен жаттығулары, саусақ ойын тренингі, массаждар жатады. Бір жастан асқан балалар үшін – саусақ бассейні әдістемесі өте пайдалы. Бір ыдысқа 1 кг бұршақты немесе фасольді төгеміз де ішіне баланы қызықтыратын бір ойыншықты көміп қоямыз. Содан соң оны тауып беруін өтінеміз. Бұл қызықтыру жаттығуы кезінде баладан алыстап кетпеңіз. Себебі ұсақ нәрселерді аузына салып алу қаупі бар.

Мысалы: Саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әр түрлі тәсілдер қолданылады.

Саусақ қозғалыстары әр түрлі қысқа ырғақты тақпақтарымен айтылады.

Ол екіге бөлінеді:

Отырып ойнайтын саусақ ойындары.

Қолдың нәзік бұлшық еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып секіру, бір орында жүгіру, қол, аяқ, бас қимылдары да бірге орындалады.

Ұсақ қол қимылдары тек сөйлеумен ғана емес, сондай ақ зейін, ой, оптикалық- кеңістікті бағдарлау, қиял, байқампаздық, көру және қимыл-қозғалысты ес тәрізді сананың жоғары қасиеттерімен өзара тығыз байланысты.

МАМАНДЫҒЫМ- МАҚТАНЫШЫМ

КЕЛБЕТОВА МАЯ ЯЛГАШОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның

тәрбиешісі. Педагог модератор

Тәрбиеші — балабақшаны бақша деп алып, келген бала гүл болса, онда ол сол гүлді баптап, күтіп, барлық жәндіктер мен құстардан қорғайтын бағбан. Гүліміз бала, бағбанымыз тәрбиеші. Балаға бағыт- бағдар, тәлім-тәрбие беретін отбасынан кейінгі екінші анасы. Топтағы әрбір бала бір ашылмаған сыр,күпия. Әр баланың мінезі әр түрлі. Бір бала жылдам болса, екінші бала баяу, барлық нәрсені байыппен жасағанды жақсы көретін келеді. Ал үшінші бала болса өзімен-өзі отырғанды жаны сүйетін болып келеді.

Оқу- инемен құдық қазғандай десе, тәрбие де инемен құдық қазғандай деп айтуға болады. Себебі жоғары да айтып өткендей әр баланың көңілінен жол табу ол бір үлкен ғылым дейтін болсақ, онда тәрбиеші ол-ғалым болып саналмайды ма? Сол үшін тәрбиші әр баланың жас ерекшелігіне, мінез-құлқына қарай бейімделіп, онымен бірге бала болып сөйлесіп, бала болып ойнап, бала болып күлу ол оңай емес, ол үлкен шеберлікті қажет ететін жұмыс. Абай атамыз айтқандай «жас бала анасынан туғанда екі мінезбен туады, біріншісі- «ішсем, жесем, ұйықтасам, ойнасам» болса, ал екіншісі, «білсем, көрсем, қарасам, ұстасам , ол немене? Ол кім екен?» деген қызығушылығы тұрады. Мұның бәрін білгісі келген балаға тәрбиеші бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетіп, тексеру, нұсқау тәрбиешінің тікелей міндеті. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады.

Шын жүрекпен қалаған кәсіп пен таза тер төгілген еңбек арқылы өмірлік абырой-беделді, қоғам алдындағы құрмет сыйға ие болуға болады.

Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп, тер төгіп жүрген жандар ғана түсінеді. Бір мезетте алдындағы жиырма - жиырма бес балаға қарау, көңіл бөлу, олармен тілдесу тек сырт көзге ғана оңай жұмыс. Тәрбиешілер елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеуші. Өйткені, жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін анасынан кейінгі сіңірушісі, үйретушісі.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды дариды.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» деген ұлы Абай. Сондықтан жас ұрпаққа мейірім шапағатпен, еңбекке баулу мен қоса Отанға деген, Ана тілге деген, жас ұрпаққа деген махаббатын нығайта отырып, оларға тура бағыт бағдар беру біздің тікелей міндетіміз болып табылады.

Менің педагогикалық ұстанымым үнемі жаңалыққа ұмтылып, әр баланың бойына жақсылық құйып, дұрыс тәрбиелеу.

Баламен жұмыс істеу дегеніміз үнемі творчестволық ізденісте жүру, өз білімінді жетілдіру, заманауи болу.

Бүгінгі заман талабын ескере отырып технологиялық инновацияны игере білуге, оны балалармен жұмыс істеу барысында қолдану, әр баланың жеке дара интеллектуалды қасиетін ашуда тәрбиешінің берер тәлім-тәрбиесі үздіксіз болуы шарт. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі-жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі-әдістердің бірі.

Оқу қызмет барысында 4К моделін қолдану жолдары

САДУВАКАСОВА КУРАЛ АЯШОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның

тәрбиешісі. Педагог-модератор

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту мен жетілдіру білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, елімізде балалардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа мазмұнды білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыты ретінде айқындады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-балаға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу, тәжірибе жұмыстарын жасау, бақылау мен саралау, баламен жүргізілетін жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасай білу және бұл бағдарламаның ерекшелігі спиральды қағидатпен берілуі. ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығын негізге ала, әр баланың бейімділігін, қабілеттілігін іске асыруға, оның даму ерекшеліктерін ескере отырып, перспективалық жұмыс жоспарын және өтпелі тақырыптарды қолдана отырып жұмыс бағытымды құрамын.

Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы өзгерісті жүзеге асыруда мен баланың жас ерекшелігі мен мүмкіндігіне сәйкес берілген уақытты нақты, өлшенімді, қарапайым әрекеттерге бағытталған, уақытпен шектелген мақсатты әрекеттерді пайдалана жүзеге асырамын.

Бағдарламаның түйінді идеялары 4К моделін мен өзімнің жұмысымда кіріктіремін: креативтілік командамен жұмыс, коммуникативті дамыту мен сыни ойлау арқылы жүзеге асырдым. Бұл жүйені қолдануда күнделікті іс-әрекетте, үрдісте балалардың сыни ойлау қабілеті, командада жұмыс істеуі, көшбасшылығы, коммуникативтік тілдік дағдылары қалыптасады. «Бала үні» бала бойының дербестігі мен қызығушылығынан, балаға тән қажеттілігінен өте жақсы көруге болады. «Бала үні» күннің бірінші жартысында ойын-тапсырмаларда жақсы көрінеді.

Балаларды бақылау өздерінің білім деңгейін жоғарылату үшін, білім мен дағдысын түсінуге, оқытудың келесі қадамын жасауға мүмкіндік беретінін серуен жұмысымда және танымдық ойында қолданамын. Бақылау нәтижесінде жұмыстануды қажет ететін балаға саралаудың диалог түрін қолданып, сұрақ-жауап арқылы танымын дамыттым.

Ойын түрлерін қолдануда балада шапшаңдылық пен шыдамдылық, құрдастарымен қарым-қатынас қалыптасады. Тәрбиешінің жетешілігімен, құрылымдалған, еркін ойын түрлерін ұйымдастыру арқылы баланың өзіндік дербестігі мен қиял шығармашылығы артады, оны мен «Жасырынбақ» ойыны арқылы көрсете аламын.

Ойын- баланың жан серігі. Ойынға зер салып, ой жүгіртсек, үлкен мәнді мағыналы істер туындап өрбиді. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, қоғамдық құбылыстармен, адамдар еңбегі мен қарым-қатынастарымен танысады.

Балалардың қажеттілігі, мүмкіндігі, жас ерекшелігін ескеріп, дамуына ықпал етуге бағдарланған бағдарламаның түйінді идеяларын негізге алып, өзімнің жұмысымда барлық оқу қызметтерім нақты, өлшенімді, қолжетімді қарапайым әрекетке емес нәтижеге, уақытпен шектеулі мақсатта болуын қадағаладым. Нәтижеге жетуі үшін бала өзін ойын желісі мен ережесіне сәйкес ұстай алуы, жолдастарының тілек-ойымен санасып, көмектесе білу, ойын ережелерін сақтау, ойнау кезінде өз бетінше құрып ойлаған ойын іске асыра білуін ескере алдым.

«Қатынас» білім беру саласы, Сөйлеуді дамыту «Біздің көшедегі мәшинелер» оқу қызметімде мен “Жүреді, жүзеді, ұшады” дамытушылық ойынын балаларға жаңа таныс емес болғандықтан, одан әрі дамыту мақсатымен педагогтың жетекшілігі бағытында ойын шартын түсіндіріп, нақты жетелеуші сұрақтар, нұсқау беру арқылы ұйымдастырдым. Балалар бойында берілген ойын тапсырмасын орындай алмаймын ба деген деген сенімсіздік сезімі, үрей байқалуының жоқтығын байқадым. Бағдарламаның түйінді идеялары 4К моделі: «Бала үні» көлік түріне қызығушылығы артады, қажетті көлікті таңдап, өзіндік дербестігін білдірсе, «Командамен жұмыс» ойын кезінде достық қарым-қатынас қалыптасады. «Коммуникация» тапсырманы орындағанда қойылған сұрақтар арқылы байланыстырып сөйлеу, сөздік қоры артып, тілдік қарым-қатынас жақсы өрбиді. «Сыни ойлау» қойылған сұрақтар жуан, жіңішке түрінде болып, балалар бойында ой-қиялы дамыды. «Бақылау» құрылымдалған, жаппай, тікелей, қысқа мерзімді, «Саралау» диалог арқылы баланың сөйлеу дағдысы, ресурс түрін қолдануда белсенділігі мен қызығушылығы артты.

Бұл ойынды ұйымдастыру кезінде тиімділігі “бала үні ” балалардың көлік түрлерін өз қалаулары бойынша таңдап және сол таңдаған көлігі туралы айтып, өзінің білімдік ой-қиял дағдысын байқатты. Ойын арасында көлік түрлерін бөлу тапсырмасын үлестірме карточкалармен жұмыс жасауда шапшаң әрі қызықты орындай алды. Көлік түрлерін сипаттап беру арқылы коммуникативтік тілдік, танымдық дағдысы жақсы дәрежеде екендігін білдім. Жетелеуші сұрақтарға тез жауаптар берді, сыни ойлауын арттыра алдым. Ойынды бақылау кезінде мен балалардың бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болатынын байқадым.

Осыны ескеріп, балаға қосымша тапсырма беріп, оның білім қажеттілігін толтыра алдым. Ойынды қалаулы топ әдісін пайдаланып ойнату арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынасын біле алдым.

Алдағы уақытта мен бұл ойынды көлік түрлерін мамандық иелеріне қарай сай (жүргізуші-мәшине, теңізші-кеме т.с.с) топтастырып күрделендіре толықтырулар енгізуге және топқа бөлу кезінде өзіндік қалаулы топ емес, деңгейлі топ құру әдісі арқылы ойынды одан әрі өрбіткім келеді. Ойын барысында қолданылатын ресурстарымды карточка түрінде емес, көлік ойыншықтарымен алмастырсам қызықты болар еді.

“Таным” білім беру саласы, “Жаратылыстану” оқу қызметінде мен “Күз өнімдері” құрылымдалған ойын түрін алдым. Бұл жаңа ойын түрі емес, балаға таныс, ойын шартын ғана түсіндіріп, қажетті материалмен қамтамасыз етіп, реттілікпен өз бетінше шартын бұзбай ойнауын қадағалау. Танымдық ойын барысында балалар дене қимылы арқылы өзін дербес көрсете білді. Бағдарламаның түйінді идеялары 4К моделі: «Бала үні», «Командамен жұмыс», «Сыни ойлау» жуан, жіңішке сұрақтарға жауап беру, «Коммуникация» баланың тілдік қоры, өзара қарым-қатынас жақсы деңгейде болды.

Ойын құрылымдалмаған, тікелей, жаппай, қысқа мерзімді бақыланды. Материалды игеру деңгейін бақылау үшін ойлау қабілетін дамыту әдісі «Идеялар себетін» қолдандым. Зерттеу жұмысын жүргізіп, жеке дамуына сәйкес тапсырманы орындау жылдамдығын ескердім. Заттық кеңістік ортаны пайдаланып, бала бойында жағымды орта қалыптастыра алдым. «Күз өнімдері» ойынын ұйымдастыру барысында бағдарламаның түйінді идеясы 4К моделі «Командамен жұмыс» жақсы нәтижесін берді, балалар ойынды қызығушылықпен ойнай алды. «Сыни ойлау» кезінде қойылған жуан, жіңішке сұрақтарға толық, өз ойларымен ашық жауап бере білді. Ойын барысын жақсы меңгерген бала көкөніс пен жеміс түріне өзіндік танымдық зерттеу жүргізіп, оның пішіні, дәмі, қасиеті туралы білетіндігімен бөлісті. Себетке муляждарды бөлу тапсырмасында еш қиындықсыз өздігінен жақсы орындап, өз нәтижесін көрсете алды. Келешекте мен «Күз өнімдері» ойын барысын еркін ойынмен алмастыра өткізер едім. Себебі: ойындық шекарасы мен ережесі жоқ ойынның қандай бағытта өрбитінін білу. Ойын барысында муляжды ресурстарым жеткіліксіз мөлшерде болмауына орай, барлық балаларды қамтамасыз ете алмадым.

«Шығармашылық» білім беру саласының Жапсыру бөлімінде «Шеңбердегі доп» еркін ойын түрін тандап алдым. Ойынның еркін болуы- бала ойын барысында ешбір ережеге сүйенбейді, таныс, еркін ойын арасында өзара қарым-қатынас дамиды, бір-бірімен талқылау арқылы қақтығыстың алдын алады және келісімге келе алады. Балалардың ойынды одан әрі жалғастыруы үшін не жасауға болатынын айта біледі, демек «бала үні» ескеріледі, ойынды ұйымдастыруда көшбасшылық қалыптасады.

Оқу қызметі кезінде сергіту сәтінің орнын мен қимылды ойынмен алмастыруды тиімді санадым және еркін ойын ретінде өткізе алдым.

Себебі: бала бір орында ұзақ отырып, белгілі тапсырманы орындаған соң, өзіндік дербес қимылын жасағысы келеді. Балалар өзіндік дербес әрекеттер жасап, ойында белсенділік таныта алды. Жанама түрде бақылау арқылы мен балалардың өздеріне тән мінез-құлықтары мен етене араласа алатын жолдастарын жақсы біле алдым.

Қысқа мерзімді бақылау кезінде баланың жолдастарымен қарым-қатынас жасай алмағандығын байқадым, ол баланың достарымен етене араласу іс-әрекет жолдарын қарастырамын. Алдағы уақытта мен ресурстарымды толықтырып, дамыту ортасын қимылды ойынға сай жабдықтайтын боламын.

Ойындар барысында балалардың ойын шартын дұрыс игеріп, шартын есте сақтап дұрыс орындай алуы, оқу қызметін түсініп дұрыс игеруін бағдарламасының түйінді идеясы 4К моделімен жұмыстануда терең ұғындым.

Білім сапасын арттырудағы жаңа технологиялар

КОШБАЕВА АЛТЫНШАШ ИСАБЕКОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
«№13 “Ақмарал” бөбекжайы» МКҚК-ның
тәрбиешісі*

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты—оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші — бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады.

Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Отбасынан басталатын отансүйгіштік тәрбие тарамдары

ГАРРЫБАЕВА РАЙХАН

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі*

Ең алдымен тәрбиенің барлығы әрбір отбасынан басталады. Біз адам бойына ең ізгі қасиеттер күннің көзінен, ананың ақ сүтінен дариды деп жатамыз. Демек ананың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін ештеңемен теңестіруге болмайды. Халқымыз «Ер-елдің иесі, әйел-үйдің иесі» деп тегін айтпаса керек. Баланың бойына ана тіліміздің кәусарін сіңіру, ұлттық дәстүр, салт-санамызды дамыту әрбір ананың қасиетті борышы, осы борышты терең сезінген, ар-ұятты бірінші орынға қоя отырып баласына тәрбие беру ананың міндеті.

Бала бойында Отансүйгіштік сезім мен сананың қалыптасуы отбасы маңызды рөл атқарады. Балалық шағынан бала бойында туған ортасына, үйіне, туған-туыстарына деген жылылық сезім бірте-бірте азаматтық, Отансүйгіштік сезіммен толығады. Осылайша, бала «Кіші Отаны», отбасын сүюден ұлы Отаны қазақ елін сүюді үйренеді.

Отансүйгіштікке тәрбиелеуде қалыптасқан ережелер жоқ.

Бұл – отбасы тәрбиесінен бастау алатын ұзақ процесс. Баланың туған үйі мен қоршаған табиғатқа деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігін оятпайынша Отанға деген махаббатқа тәрбиелеу мүмкін емес. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық, баланың өз анасы мен отбасы мүшелеріне деген сыйластық пен жүрек жылуынан бастау алады. Бала өзінің жеке өміріне қатысты емес қуаныш пен қайғыны жүрегіне жақын қабылдай ала ма?

Өзінің жеке қызығушылығынан өзіне жақын жандары үшін бас тарта ала ма? Отансүйгіштік тәрбие де осы мәселелерді назарда ұстаудың маңызы ерекше. Осындай қарапайым, күнделікті өмірімізде кездесетін оқиғалардан бала бойында ізгілік қасиеттер қалыптасады. Әсіресе, отбасында халқымыздың тарихындағы ерекше оқиғалар балаларға үлгі ретінде айтылуы тиіс.

Отансүйгіштік сезім мен сана, Отан, ел алдындағы борышты сезіну бала бойында бірте-бірте қалыптасады.

Бала тәрбиесіне халқымыз аса зор көңіл бөлген. Болашақта өзіне сенімді әрі білімді де тәрбиелі азамат қалыптасуы үшін, балаларды сәби шақтан бастап тек жақсылыққа тәрбиелеп, отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа баулуымыз керек.

Қазіргі таңда балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі көкейтесті мәселелердің бірі болып тұрғаны баршамызға мәлім.

Осыған байланысты қазіргі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мамандар балаларды тәрбиелеуде азаматтық сезімге, өз Отанын мақтан тұту сезімін қалыптастыру міндеттері қойылады. Баланың өзінің тіліне, дініне, ұлтына деген сүйіспеншілік әкенің көзқарасымен, анасының сүтімен беріледі. Бала туғаннан өзінің тілінде әлдилеген ән тыңдаса, мақал-мәтелдер естіп өссе баланың патриоттық сезімі оянады. «Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегіннен айтыла салмаған. Өйткені, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады.

Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен келешек ұрпаққа оқу-білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың ғана емес, әр жанұяның бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты.

Мектепке дейінгі жастан бастап балалардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу қажет.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемеде отансүйгіштікті тәрбиелеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады: рухани-адамгершілік, әлеуметтік, эстетикалық, өлкетану, еңбек, интеллектуалдық, отбасылармен жұмыс істеу және т.б.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты тәрбиеші ата-аналармен бірге ұйымдастыруы қажет. Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерін Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, Отанның тарихи-мәдениет рухани мұрасына тану қызығушылығын дамытуға міндеттейді.

Балабақшадан бастап мемлекеттік рәміздерге, халықтық салт- дәстүрлерге көзқарасы қалыптасады. Әрине, осы мәселені шешуде халық ертегілерінің алатын орны ерекше. Бүлдіршін ертегілердің кейіпкерлерін үлгі ретінде қабылдап, өз жүрегінен өткізеді, эмоция арқылы сезімін білдіреді. Нәтижесінде олар өздерін кейіпкерге ұқсатып, бүлдіршін жасынан бастап адамгершілікке, отансүйгіштікке, әдептілікке бағытталып, балалар өздері жақсы қасиеттерге тартылады.

Мектепке дейінгі білім мекемелерінде рет-ретімен, жүйелі түрде ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде бүлдіршіндерді болашақта жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, туған өлкесіне қатыстығын сезінетін, халқын, Отанын, отбасын сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын болатын тұлға ретінде тәрбиелеуге әкеледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие баланың танымын кеңейтеді, оны адамдармен қарым-қатынасқа, қоғамдағы өз орнын табуға үйретеді. Жалпы, бала өзін-өзі тәрбиелейді. Үлкендердің міндеті – оған өзінің бейімділігін, қабілеттерін толық ашуға көмектесу әр отбасының өмірі –бүкіл еліміздің өмірінің бөлігі.

Сондықтан, бүгінгі бәсекелік өмірге бейім тұлға тәрбиелеуде әр отбасы қоғам мүддесімен үндесе өмір сүруі керек. Бала тәрбиесіне жауапты баршамыз жан-жақты ізденістеріміз бен және ісімізбен үлгі көрсетуіміз қажет.

Көпұлтты Қазақстан халқына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыратын азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Қазақстанды мекендейтін әрбір ұлттың өзінің мемлекет алдындағы міндеті –қоғамдық байлықты, яғни мемлекеттің материалдық базасын нығайту, өмірдегі тату-тәтті тірлікті, келісімді жолға қойып, ұлттық бірлікті сақтау

Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады.

Бала оны қалай сезінеді, қалай ұғынады, ол біздің берген тәрбиемізге қарай. Ең алдымен ата-ана өзі мемлекеттік нышандарды өзі қалай сезінеді. Осы ащы шындықтардың бірі. Ең алдымен ата-ананың мемлекеттік нышандар туралы білімі болуы керек. Және оның маңызын ұғыну керек.

Асылында, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға әсер ететін факторлар – ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл –қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

№ P00061 11.01.2024 ж

Саусақ ойын – жаттығуларының маңызы

ДЖАЙБЕРГЕНОВА ШОЛПАН СҮЙЕУОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның

тәрбиешісі

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек.

Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Қазіргі кезде баулы ойыншықтардың көбейгенін немен түсіндіруге болады.

Бұрын ата – аналарда мұндай ойыншықтар болған жоқ қой, сонда олар осындай қалыпты деңгейге қалай жетті?

Бір түсінбейтін нәрсе, осының бәрі не үшін керек?

Бүгінгі күнде балаларында жалпы моторлық артта қалушық байқалады, өйткені балабақшадағы балалардың ешбірінде баулы аяқ киім кездеспейді. Бау байлауды үйрету ата- анаға да, тәрбиешіге де қиындық туғызатын болса керек. Осыдан 20 жыл бұрын ата- аналарға, олармен қоса олардың балаларына көп нәрсені қолмен жасауға тура келді: кір жуу, тоқу, тігу т.б. Ал қазіргі кезде осының бәрін жасайтын машина.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды.

Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес.

Егер 4 - 5 жастағы балада бау байлау қиындық келтірсе, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырылса, онда сіздің балаңыз кінәлі емес.

Өкінішке орай көп ата- ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысының дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек.

Пассивті жаттығу – ұсақ мотоиканы дамытудың алғашқы сатысы. Саусақ жаттығуларын ең төменгі деңгейден бастаған дұрыс. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшуісінылады. Оныңдеңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендіпмеуін қадағалаған жөн. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: сипау, жаймен уқалау және діріл. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынға қарай жалғасады.

Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады.

Бала саусағын ойната отырып тілін дамыту.

Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес – бестен біткен он саусақты күнделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланытынымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден бізге жеткен «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланғанын білеміз.

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға тары шаш.
Балапанға бидай шаш,
Балаларға тәтті шаш .
дей келіп, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:

Сен түйеңе бар,
Сен жылқыға бар.
Сен сиырға бар
Сен қойыңа бар
Сен үйде отырып
Шешеңе көмектес.- деп әр саусаққа тапсырма беріледі. Одан соң әр саусақтың басынан ұстай тұрып «қарның ашса: мына жерде нан бар, мына жерде май бар» деп әртүрлі астың атай келіп, қолтыққа жеткенде «қуырмаш»», «қуырмаш» деп қытықтайды.

Көтеріңкі көңіл – күй сыйлайтын бұл ойын балаға саусақтардың атын, адамға нәр берер түрлі астың атауын да үйретеді. Сондай – ақ төрт түлік малды таныстырып, оны бағып еңбектенгенде ғана тамақтануға болатынын ескертіп, еңбекпен тапқан тамақ тәтті болатынын уағыздайды.

Саусақ гимнастикасын күн сайын 3-5 минуттан жеке және топпен өткізуге болады. Егер бала қимылдарды өз бетімен орындауда қиналса онда ол жаттығуды жеке сабаққа қалдырып, пысықтауға болады. Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да, тартымды болуы шарт, баланы мезі қылмауы керек.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОЙЫННЫҢ РОЛІ

АЯЗБАЕВА САРА ҚАЙЫРГАЛИЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

*"№ 11 "Теңге" бөбекжайы" МКҚК-ның
тәрбиешісі*

Бала психикасының дамуындағы басты фактордың бірі – оның өзіндік танымын дамыту, оған үнемі көңіл аудару. Баланың жан-дүниесімен сырласу арқылы еркелетіп, нәзіктік сезімге бөлеу арқылы оның бойында ұнамды қылық пен жағымды мінез-құлық қалыптастыру, сөйтіп жас ұланның маңындағы адамдардың оның түлеп өсуіне пайдалы әсер етуіне жету керек.

Көңілі көтеріңкі бала өзі істеген әрекеттерді сенімділікпен орындайды, шаттық сезімге бөленеді. Ойын әрекетінде балалардың бойындағы барлық дерлік психикалық ерекшеліктері көрініс беріп, ерік-жігер қасиеттері шындалады, мінез-құлық сипаттары айқындала түседі, ішкі дүниенің сыры ашылады, бала психологиясының өзіндік ерекшеліктері байқалып, олармен оқу-тәрбие істерін жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері туады.

Бала әр қилы нәрселерге еліктеп, өз бойындағы сезім мен қабілет ерекшеліктерін аңғартады. Оның мінезіндегі ұнамсыз қылықтар мен жағымсыз көріністер байқалып, ондай кемшіліктерді жөндеудің әдіс-тәсілдері белгіленеді.

Ойынның түрлеріне тоқталатын болсақ,

- ***Дидактикалық ойындар.***
- ***Рольді-сюжетті ойындар.***
- ***Драмалық ойындар.***
- ***Творчестволық ойындар.***

Осылардың ішінде дидактикалық ойындардың маңызы зор. Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданатынын күні бұрын сабақ мазмұны мақсатына сай лайықтап таңдап алғаны жөн. Өйткені балалар үшін ойын қызықты әрекет бола отырып, оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады.

Ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, тәрбиеші балаларды ойнауға, А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда «Жақсы ойын» жасауға үйретеді.

Мұндай ойынға мынадай сапа тән: мазмұнның тәрбиелік – танымдық құндылығы, бейнеленетін түсініктердің толықтығы мен дұрыстығы; ойын іс-әрекеттерінің орындылығы, белсенділігі, ұйымшылдығы және шығармашылық сипаты; жеке балалардың және барлық ойнаушылардың мүдделерін ескере отырып, ойында ережелерге бағыну және соларды басшылыққа ала білуі ойыншықтар мен ойын материалдарын мақсаткерлікпен пайдалану, балалардың қарым-қатынастарының игі тілектестігі және көңіл-күйлерінің шаттығы.

Ойынды басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының ерекшелігіне: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды, ойынды ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады.

Ойын процесінде балалар білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Ойында қайсы бір рольді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетіне көшіруге тиіс. Кейде адамдардың еңбегі туралы нақты іс-әрекеттер, өзара қарым-қатынастар туралы білімдер мен түсініктер жетімсіз болып шығады да, соларды толықтыру қажеттігі туады. Жаңа білім қажеттігі балалардың сұрақтарынан көрінеді. Тәрбиеші сол сұрақтарға жауап қайтарады да, олардың ойын кезіндегі әңгімелеріне құлақ түреді, ойнаушылардың өзара түсінісуіне, келісуіне көмектеседі.

Демек, ойын балалардың соған дейінгі білімдері мен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге белсенді: таным іс-әрекетінің өзінше бір формасы болып табылады; соның барысында олар оқытушының басшылығымен жаңа білім меңгереді.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме, теңізде, метро станциясы да, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді.

Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі – оның өз әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстарын бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді.

Балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз болғанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп жүреді, ойында қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен мамасы үшін, науқас кісі мен дәрігер үшін сөйлейді. Сөз нақ бір ойын әрекетін сүйемелдеуші болып табылады, бейнені оған баланың өз қатынасын толығырақ ашады.

Ойын барысында сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсінісу мен достықтық, қоршаған өмірдік қайсы бір фактілері мен құбылыстарына бірдей көз қарастық пайда болуына және дамуына көмектеседі.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар:

- *ойынның түпкі ниеті;
- *сюжетті немесе мазмұны;
- *ойын әрекеттері, рольдер;
- *ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді.

Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы, мәселен: «Дүкен», «Емхана», «Қызы мен шешесі», «Балалар бақшасы» және т.с.с. болып ойнау. Ойынның түпкі ниетіне қарай ойындарды азды-көпті мынадай типтік топтарға бөлуге болады:

- а) *Тұрмыстық құбылыстарды бейнелейтін ойындар;*
- ә) *Жасампаз еңбекті бейнелейтін ойындар;*
- б) *Қоғамдық оқиғаларды, дәстүрлерді бейнелейтін ойындар.*

Ойындарды бұлай бөлу, әрине, шартты ғана, өйткені ойын өмірдің алуан түрлі құбылыстарын бейнелеуді қамтуы мүмкін.

Ойынның сюжеті, мазмұны – бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын көп жақтығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе, ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға деген ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойынның құрылымдық ерекшелігі мен түйіні бала атқаратын роль.

Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын анықтайтын және реттейтін *ереже* белгілейді. *Ереже* ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, оның мазмұнын баянды етеді. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балалардың ойынға белсендірек қатысуына көмектеседі.

Ойынның осы құрылымдық элементтерінің бәрі азды-көпті типтік болып табылады, бірақ олардың түрлі маңызы бар және әр түрлі ойындарда түрліше ара қатынаста болады.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Ойынның мазмұнының өрістеуі балалардың қоршаған өмірден алған әсерлерінің байлығына, жарқындығына, айқындығына байланысты.

МАЗМҰНЫ

- БОПЫЛОВА САЛИМА ЭРМЕКБАЕВНА
- ОРУНБЕКОВА АМАНГУЛЬ ТАВИРБАЕВНА
- ДЖАЙМАНОВА СВЕТЛАНА САБЫРБАЕВНА
- КЕНЕСБАЕВА АЙЫМГУЛЬ БУЗАУБАЕВНА
- КОЙЧИБАЕВА ЗЕРХАН ДЖАМБЫЛҚЫЗЫ
- БЛАХАЕВА ЖАДЫРА ОРАЗАЛИЕВНА
- БОПЫЛОВА ХАНЫМАЙ НУРГАЛЫЕВНА
- ДЖЕКЕНОВА МАРЖАН МИРЗАХАНОВНА
- КОНОВА АЙДЖАН НУРБАЕВНА
- ТУРЕХАНОВА АЛТЫНАЙ ТУЛЕГЕНОВНА
- САТАЕВА ДАМЕЛИ ТАТИБАЕВНА
- КАКАБАЕВА ГҮЛПАРШЫН БЕГЕЙБАЕВНА
- КАЛДЫБАЕВА АЙНУР ИЗБАСАРОВНА
- КУРЛЕНБАЕВА ЖАНАТ АБЕНОВНА
- САХИМОВА АКМОНШАК
- КАЗЕНОВА ТУРСЫН ТАЛИМБАЕВНА
- КЕЛБЕТОВА МАЯ ЯЛГАШОВНА
- САДУВАКАСОВА КУРАЛ АЯШОВНА
- КОШБАЕВА АЛТЫНШАШ ИСАБЕКОВНА
- ГАРРЫБАЕВА РАЙХАН
- ДЖАЙБЕРГЕНОВА ШОЛПАН СҮЙЕУОВНА
- АЯЗБАЕВА САРА ҚАЙЫРГАЛИЕВНА